

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сана
Мидде
Санауын



№3 (51)

31 наурыз, 2014 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

Жылды патша еткен Ұлыстың Ұлы күні



4000 жылдан астам уақытты қамтитын тарихы бар Ұлыстың Ұлы күні - Наурызда іске асатын игі дәстүрлер мен мерекеге нышан болатын барлық атрибуттар сол байырғы заманнан бергі көне түркі халықтарының тұрмыс-салтын, дүниетанымы мен пайымының айғағы екені белгілі. Дей тұрғанымен, ел ішінде Наурыз дегенде қазақы костюмдер киінген бірнәрсені жұртты, ұлттық асқа толы дастарханды елестететін жұтаң ұғым қалыптасқан. Бүгінгі ұрпақ Ұлы істі бағындыратын ұлы күннің сыры мен жырына қанықты ма? Жер бетіндегі ең көне мереке саналатын Наурыздың мән-мағынасын осы күнгі қазақ бойына сіңірді ме?

3-бет

*Халықаралық астронавтика академиясының академигі
М.Молдабеков:*

**ҒАРЫШ САЛАСЫН
ДАМУ – УАҚЫТ
ТАЛАБЫ**



2-бет

**ЕСІМІҢ ҰЛТЫҢДЫ
ҰЛЫҚТАСЫН**



6-бет

Думан тобы:

**ӨҢІРІМІЗДЕ КӨРНЕКТІ
ТҮРДЕ ЖҰМЫС
ЖАСАП ЖҮРГЕН
ӨНЕРЛІЛЕР АЗ**



7-бет

ДҮРБІ

Елбасы: Әлемдегі тұрақсыздық жаһандық соғысқа ұласпайды

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әлемде орын алып жатқан тұрақсыздық жаһандық текетіреске және жаңа ауқымды соғысқа ұласпайды деп санайды.

Бұл туралы ол бүгін Гаагада өткен ядролық қауіпсіздік саммиті аясында өткен қазақстандық тілшілермен кездесуінде мәлім етті.

«Мен үнемі көпполярлылық туралы айтамын. Кеңес Одағы құлағаннан кейін барлығы тек бір ғана держава АҚШ қалды деп есептеді және әлем бірполярлы болып кетті. Соңғы оқиғалар көрсетіп отырғандай, әлем көпполярлы болады. G-8 мен G20 экономикалық дағдарыстың да, саяси дағдарыстың да шешімін таба алмады. Сондықтан 190 ел интерактивті режимде қосылып отырған менің G-Global ұсынысым өзекті болып барады. Ол 8 емес, 20 ел емес, барлығымыз бірлесе отырып, шешуге бағытталған ыңғайлы алаң. Егер халықаралық заң аясында болсын десек, онда бұл мәселені БҰҰ шеңберінде қояуымыз керек», – деді ол.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісім ара-тұра бұзылады және келісімді бұзушыларға қарсы ешқандай санкциялар қолданылмай келеді. Осы орайда мәжбүрлеу әдісінің енгізілуі керек болып тұр. Егер халықаралық келісім шарттары сақталмаса, мемлекеттер жазалануы тиіс.

«Дегенмен мен жүз жыл болған оқиғалар орын алады деп есептемеймін. Ол кезде жалпай қырып-жою қаруы болмаған еді. Егер тағы бір дүниежүзілік соғыс басталып кетсе, адамзат өркениеті жойылуы мүмкін. Сондықтан осыны қаперде ұстаған жөн. Қазақстанның БҰҰ аясында жалпы қарусыздану пактісін қабылдау жөніндегі ұсынысы өте өзекті болып табылады және өте орынды деп бағалануда», – деді Президент.

Қайнар көз: Казинформ

NUR.KZ

«Болашақ» бағдарламасын жүзеге асыруға өзгерістер енгізілді

Қазақстанда Білім және ғылым министрінің 2014-жылғы 25-ақпандағы № 57-бұйрығымен «Болашақ» халықаралық стипендиясын жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізілді. Бұйрық ресми БАҚ жарияланды, деп хабарлайды Zakon.kz.

Құжат бойынша, мынадай өзгерістер енгізілген:

– осы бұйрықпен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес «Болашақ» стипендиясын тағайындауға үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білудің, сондай-ақ пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жазылсын.

– көрсетілген бұйрықпен бекітілген 4-қосымшаға сәйкес, «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін үміткердің сауалнамасының үлгілік нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

– көрсетілген бұйрықпен бекітілген 6-қосымшаға сәйкес, тілдік курстар ұзақтығының кестесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

– көрсетілген бұйрықпен бекітілген 7-қосымшаға сәйкес, маман даярлауға жұмыс беруші тапсырысының нысаны осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін, яғни 2014-жылдың 31-наурызынан бастап қолданысқа енгізіледі («Егемен Қазақстан», №54, (28278) 2014-жылғы 20-наурыз).

BAQ.KZ

ҒАРЫШ САЛАСЫН ДАМУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

2014 жылдың 14 наурызы күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының орынбасары Мейірбек Молдабеков Республикалық ақпараттық-насихаттау тобының мүшесі ретінде магистранттар, ғалымдар мен оқытушылармен кездесті.

Халықаралық ғарыш академиясының академигі С.Торайғыров атындағы ПМУ-ға Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының негізгі қағидаларын насихаттау мен түсіндіру мақсатын арқалап келіпті.

Кездесуге жоғары оқу орынының басшылығы, профессорлық-оқытушылар құрамы және магистранттар қатысты.

М.М. Молдабеков жиылғандарды ғарыш әлемінің сырына қанықтырып, Елбасының Жолдауында белгіленген

міндеттерді орындау шеңберіндегі Қазғарыш қызметі жайында қызықты да танымды әңгіме өрбітті.

С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор жиын басындағы сөзінде: «Ғарыштық сала – инновациялық-индустриялық дамудың негізі екені белгілі. Ал, Павлодар мемлекеттік университет инновациялық-бағдарлы оқу орны. Сондықтан, ЖОО ғалымдары өздерінің тың инновациялық жұмыстарымен ел ғылымына, ел дамуына үлес қосып келеді», – деп атап өтті.

Мейірбек Молдабеков баяндамасы барысында агенттіктің маңызды екі бағыты яғни, біріншісі – «ғарыштық инфрақұрылымның құрылуы мен дамуы», екіншісі – «ғарыш саласындағы ғылыми даму және ғылыми-тех-

нологиялық базасы» туралы кеңірек тоқталды.

Мұнымен қоса, Мейірбек Молдабековтың бірінші стратегиялық бағыт аясында бірқатар ірі ғарыштық жобаларды іске асыру көзделіп отырғанын мәлімдеді. Оның бірі елдің индустрияландыру жұмысы бойынша картаға енгізіліп отыр. Мәселен, ол ғарыштық аппараттарды құрастыру әрі тәжірибеден өткізу кешенінің құрылысы, ҚР жерінің дистанциондық ғарыштық жүйесін құру, «KazSat» спутниктік байланыс жүйесі, «Бейтерек» жаңа старт кешенін тұрғызу жобасы сынды тақырыптарды әңгімесіне өзек етті. Ал, екінші стратегиялық бағыт бойынша баяндамашы ғарыш саласы үшін білікті мамандарды даярлау, ғылыми-техникалық мүмкіндіктеріміздің өркен жайуы және ғарыш саласындағы халықаралық бірлескен жобалар жақында сөз қозғады.

Кездесу соңында Қазғарыш төрағасының орынбасары көпшілікті мазалаған сұрақтарға жауап қайтарып, «Досмұқасан» ансамблінің экспозициялық мүсіні бой көтерген еліміздегі жалғыз оқу орны – С.Торайғыров атындағы ПМУ-ды өзіне жақын тартатынын ерекше атап өтті.

Жанар Әбдіқалиқызы

БІЗДІҢ САУАЛ

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАНДАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Әлеуметтік инфрақұрылым салаларының негізгі мақсаты – халыққа қызмет көрсету. Бұл 30-дай саланы құрайды. Нақты айтқанда, кешен еңбек өнімділігі мен елдің өркендеуі үшін қызмет етеді. Ал, қызмет түрлері өте көп. Оның сапасы сын көтеріп тұр ма?

Серік, 38 жас

Жоқ. Қанағаттандырмайды. Әсіресе, жолсеріктеріміз пойыз вагонының патшасы секілді сезінеді өздерін. Оларға жұмысқа тұрғанда халықпен жұмыс жасайтынын ескертпеген сияқты. Тұтынушы қанша жерден қателесіп тұрса да, ұрса жөнелмей сабырмен түсіндіріп, ақпарат берсе ғой. Мен оларды түсінемін, көпшілікпен жұмыс жасау қиын екенін білеміз. Бірақ, ашумен ешнәрсе шеше алмайтынын жақсы білер. Соған қарамастан, пойыз вагондары – осындай кикілжіңдер көп орын алатын жер.

Алия, 41 жас

Алғашында әрине, ХҚКО нашар қызмет жасады. Себебі, мемлекеттік қызметкерлерде кеңестік менталитет басым болды. Ал, қазір олардың жұмысына толық қанағаттанамын.

Сара, 46 жас

Банк және ХҚКО-на көп өкпем жоқ. Тек, автобустар мен пойыздардағы жолсеріктерге риза емеспін. Әлі де кеңестік психологиядан арылмаған қызметкерлер. Өзіміз де тұтынушы ретінде сол психологияның шыр-мауында қалып қалғанбыз. Қойшы солармен мәселеге келмей-ақ қояйын, ол көпшілікпен жұмыс жасап жүр ғой деген оймен өзімізді басамыз. Дүкендердегі сатушылар, тіпті элиталық дүкендер де сатушы мен сатып алушы арасындағы мәселелер біздің елде жиі кездесіп тұрады. Еуропада бір киімді

бірнеше рет киіп, оны сатып алмай кетсең де, сатып алушыға сатушы ренішін көрсетуге қақысы жоқ. Ол күнге біз қашан жетер екенбіз?

Шолпан, 30 жас

Емханалардағы қызметкерлерден жауап алу тіпті мүмкін емес. Олар телефондарын көтеруге шаршап тұрады. Қандай халыққа қызмет ету, олар таза өздеріне қызмет етіп жүргендер ғой.

Талғат, 34 жас

Жалпы, ел экономикасының өсуімен қатар халыққа қызмет көрсету көрсеткіштері де өсуі қажет. Ол заңдылық. Бізде, дүкенге, емханаға, автобустар мен пойызға қайда барсаңыздар да сол мекемелердің қожайындары мен басшыларының сөзі өтімді. Әлі халыққа қызмет көрсету сервисі дамымай бір орында тұрғаны бәріне мәлім. Оның басты себебі жемқорлық, кейінгісі нарық мәдениетінің төмендігінде деп түсінемін.

Гүлнар, 51 жас

Қайдам, енді-енді жолға түсіп келе жатқан сияқты ғой. Бұрын кіре алмаған есіктерге кіріп жүргенімізге қарағанда халыққа қызмет көрсету кешегі күнмен салыстырғанда әлдеқайда жолға қойылған сияқты.

Мадина, 35 жас

Жақын арада Астанада Павлодарға қатынайтын жүйрік пойызымен жол жүрдім. Біз отырған 1 дәрежедегі вагон

жолсерігінің билетсіз мінген жолаушыдан пара алып, заңсыз жолаушы тасмалдағанын өз көзімізбен көрдік. Пара берген жолаушы түсіп кеткеннен кейін, босаған орынға баламның отыра салғаны сол еді. Ақшаға құныққан жолсерік менен орын үшін ақша талап ете бастады. ҚР Темір жол көлігі туралы Заңына сәйкес мен бір билетке мектеп жасына дейінгі бір баланы тегін алып жүруге құқым бар. Жолсерік «менімен айтыспа, менің сөзім әрқашанда дұрыс», – деген сенімді түрде сөз қайтарды маған. Қолында билеті бар жолаушыға орын береміз, біз жай отырымыз десек те түсінгісі келмейді. Дегенімен, мен де өз құқығымды қорғап қалдым. Менен пайда көре алмаған жолсерік қапа болып қалды. Міне, біздің елдің халыққа қызмет көрсету деңгейі осындай.

Асия, 40 жас

Емханалар мен ауруханалардағы қызметтер де ақсаңдап тұр. Ал, дәліздеріндегі сенім телефондары алмайды, не болмаса байланыс жүйесінде ол нөмір тіркелмеген болып шығады. Бұл не? Халықты алдау ғой. Бұндай жауапсыздықтың себебін өздері де білмейтін болар. Саналарында қатып қалған қағида «мен жұмыс жасап отырмын». Қалғандарымыз қаңғып жүрміз. Сенім телефондары халыққа қызмет көрсетуді жақсарту, халықтың сеніміне жұмыс жасау мақсатында құрылған деп ойлаймын. Олардың тірліктері сенімсіздік ұялатады.



Құлды патша еткен Ұлыстың ұлы күні

4000 жылдан астам уақытты қамтитын тарихы бар Ұлыстың Ұлы күні – Наурызда іске асатын игі дәстүрлер мен мерекеге нышан болатын барлық атрибуттар сол байырғы заманнан бергі көне түркі халықтарының тұрмыс-салтын, дүниетанымы мен пайымының айғағы екені белгілі. Дәй тұрғанымен, ел ішінде Наурыз дегенде қазақы костюмдер кийген бірен-саран жұртты, ұлттық асқа толы дастарханды елестететін жұтаң ұғым қалыптасқан. Бүгінгі ұрпақ Ұлы істі бағындыратын ұлы күннің сыры мен жырына қанықты ма? Жер бетіндегі ең көне мереке саналатын Наурыздың мән-мағынасын осы күнгі қазақ бойына сіңіргі ме?

Ұлыстың ұлы күні

Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татады. Содан, бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп жариялайды.

Өз болмай, мәз болмайды

Өз – халық аңызында күн мен түннің дәлме дәл теңелер сәтінде көкті жарып ерекше бір гүл өтуге тиіс. «Оны қой ғана біледі. Егер күндіз өтсе, қой арқылы қойшы ғана аңғаруы мүмкін» деген сөз бар. Осы гүлді наурыздың 22 сине дейінгі үш күннің ішінде өтеді деп есептеген халқымыз: «Өз болмай, мәз болмайды», деген тәсіл қалдырған. Сол үш күннің ішінде тырнақ пен шаш алуға болмайды. Өз өткенде өсімдік әлемінен бастап, күллі тіршіліктің тұла бойына, бір тал түгіне дейін жан жүгіреді. Сол жан байқаусызда тырнақ, шашпен бірге қиылып кетсе, адамның қолы мен басы селкілдейтін болады мыс.

Наурыз той

Грек тарихшысы Квинт Руф (б.з.д. I ғ.) өзінің «Ескендір жорығы» деп аталатын еңбегінде Орта Азия көшпелілерінің ұлыс тойын қалай тойлайтынын тамсана жазады. «Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының үстіне күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балалардың саны бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып, 365 өнерпаз бозбала тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң, бүкіл елдің батагөй абызы, Тәңірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміт-тілегін Тәңірге жеткізетін 9 күй тартқан. Бұл 9 күй міндетті түрде қобызбен тартылатын болған. Мұнан әрі, Ұлыстың ұлы күнін тойлау бүкілхалықтық қуаныш қызыққа ұласқан» (Квинт Курций Руф. Поход Александра. VII-VIII тараулар. Хрестоматия по истории древней Греции. В.В. Струвеңің сарабымен шыққан. М., 1951).

Көк өгіз

Қазақ есепшілерінің тәжірибесіне сүйенсек, Үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, ал көктем басында аспан етегінен көрініп, жазға қарай мүлдем батып кетеді. «Үркердің жерге түсуі» делінетін осы кезеңге 40 күн жазғы шілдеге сәйкес келеді. Бұл кезеңде Үркердің көкжиектен көрінбеу себебі – Күн жолы наурыз айында дәл соның үстінен өтеді. Қазақстанның кейбір жерлерінде ғана, мәселен, Орталық өңірлерде осы кезде Үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйізі секілді батқан күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Аспан көгіндегі дәл осы көріністі Қазақстан жартастарына шимайланған петроглифтерден – мүйізімен Күн Көкөгіз – көруге болады. Міне осы себепті, Ұлыстың ұлы күні мал атаулыдан өгіз ғана сойылатын болған.

Қыдыр баба

Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды екен. Сол себепті осы түн – «Қыдыр түні» деп аталады. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы – Қыдыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен. Қыдыр бабадан тілек тілеген. Наурызда түнгі даланы адамдарға бақ-дәулет дарытатын Қыдыр баба аралайды деген наным бар. Сондықтан ертең Наурыз деген түні әрбір шаңырақ үйінің төріне шырақ жағып, Қыдыр баба түнін күзетіп, тілек тілеген. Бұл түні оты маздап, жарығы жаңып тұрған үйге Қыдыр бабаның мейірі түседі, көз қырын салады, назарынан тыс қалмай, сол үйге құт-береке қонады деп сенім білдірген.

Самарқанның көк тасы

XIV-XV ғасырларда Ұлықбек патша дулаттарға қарсы жорыққа шыққанда Тянь-Шань жақтан осы көк тасты олжалаған. Қазіргі кезде Самарқанда Бибі ханымның мешіті бар. Көк тас осы мешіттің ауласына орнатылған. Бұл мешітті тарихшылар Бибі ханым мешіті деп атап жүр, оны – жұма мешіті деп те атайды. Мұхаммед Шайбани хан билік еткен тұста патшалардың барлығы ақ киізге көтеріліп, таққа отырмас

бұрын әскербасылар патшаны көк тастың үстіне отырғызған. Бұл патшаның таққа отыру салтанатының негізгі бөлімі деп саналған. Бұл бертін келгенше жалғасты. Егер мұны қазақ мәдениетімен байланыстырсақ, халық-қымыздың түсінігінде көк тас орнатылған жер киелі деп саналып, осы жерге зират жасалатын. Халық күн мен түннің теңелген күні самарқанның көк тасы ериді деп, Алладан рақым тілеген. Ал этнограф-ғалым Сейт Кенжахметовтың зерттеулеріне сүйенсек, аңызға әйгілі астроном Ұлықбек обсерваториясындағы көк тасқа дәл 22 наурыз күні күн сәулесі түсетін болған. Сол сәуледен бөлінген жылу тасты жібітеді-мыс... Біреуді кешіре алмай жүрген жанға қазақ халқы 22 наурыз күні «Самарқанның көк тасы да жібиді, сен тастан қаттысың ба?» деп тоқтатады екен. Бір аңызда былай дейді: Самарқанда Әмір Темірдің лағылдан, яғни көк тастан жасалған тағы бар, яғни «Самарқанның көк тасы жібиді» деген сөз Наурыз күні «ханның да қаһары қайтып, көңілі жібиді» дегенді білдіреді дейді.

Үт кірді, үйге құт кірді!

Көне жұлдыздық есепте наурыз айын «үт» деп те атаған. Осы айда ауа райының жылынаынына байланысты, «үт кірді, үсік шықты» деп айтатын болыпты. Кейде үтті жабықтан түскен күн сәулесінен көрінетін тозаңды да үт деп атаған. «Үт кірді, үйге құт кірді» деген мәтел осыдан қалған.

Сөз түйін. Асылында Ұлыстың Ұлы күні бабалардан жеткен мұрамыздың мәйегі, өткеннен жеткен болмысымыздың жалғасы. Наурыз күні – ежелгі гректердің Патшасы да алтын тағынан түсіп, құл астындағы өзіне ұнаған құлына бір күн елін басқаруға мүмкіндік берген екен. Олай болса, патшаны тақтан түсіріп, құлды таққа отырғызған Ұлыстың ұлы күнінің мерейі мен шапағаты барша жұртты аяласын. Осы ХХІ ғасырдың жылан жылынан ауып, жылқы жылына өткен жылдан құт-береке күтіп, жеткен де, жетпеген де бар десіп, бір-бірімізге жақсылық ниет етейік. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, Ұлыс береке әкелсін!
Жанар ЕЛЕШОВА

Ғаламдағы ежелгі мейрамның тарихын зерттеп жүрген ғалымдар бұл күннің парсылар мен ирандықтардан да бұрын прото түркілер, дәй түркілердің тойлағаны жайында жиі айтып жүр. «Наурыз» парсы сөзі болғанымен, ол өте ерте заманда-ақ қазақ тұрмысына кіріп, сіңісіп кеткен. Соңғы кездері басылымдарда мәдениеттанушы, тарихшы Серік Ерғалидің «Нау» мен «ырыз» деген нұсқасы жиі айтылып жүр. Ғалымның айтуынша Наурыз – жалпыадамзаттық мереке, бірақ түркілер мен парсыларда бұл мейрамның басты рәсімдері мен ғұрыптары, атрибуттары сақталған көрінеді. «Біздің Аңырақай тауындағы Таңбалытаста бұдан 4 мың жыл бұрынғы Сиыр жылының салтанаты бейнеленген сурет қашалған. Онда Тәңір мен Іңір құдіреттер бейнеленген. Бұл бөдер сурет түркілердің, соның ішінде қазақтың танымын әйгілеп-ақ тұр», – дейді зерттеуші.

Әлемге мәшһүр ғұлама Омар Найам Шығыс әлемінде алғашқылардың бірі болып «Наурызнама» рисаласын (трактат) жазып шыққан. Бұл аса құнды еңбектің ең кемінде 1000 жылдық ғұмыры бар. Оқырман бұл кітаптан өзіміз жыл сайын мерекелеп жүрген Наурыз мейрамының көне ғұрыптарына қатысты көптеген тың деректерге (Наурыздың шығуы, тойлануы, тарихы, т.б.), аңыздар мен хикаяттарға қанығады. Ол үш жүз алпыс бес күннің (күндіз-түннен) ширегінен тұратын ұлы дәуірді «ұлы жыл» деп атады да оны төрт бөлікке бөлді. Үлкен жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңаланады. Патшалардың бір рәсімі бар: жыл басында олар жақсылыққа бағыштап, әрі жыл есебін белгілеп алу үшін, тыныштық өмір үшін баршаға қатысты діни жиындар өткізулері ләзім. Кімде-кім наурызды мейрамдап шаттыққа толып жүрсе, келесі наурызға дейін тыныш, бейғам ғұмыр кешеді деген екен. Омар Найамның жазып алған аңызы бойынша, Аптаптың екі айналуына орай, олардың бірі төмендегіше – Аптап әр үш жүз алпыс бес күн ішіндегі күндіз-түннің төрттен бірінде Амал айының бірінші минутына шығып кеткен кезінің өзінде тағы да қайтып келеді және жыл сайын бұл кезең кеми

береді. Міне, сондықтан Жәмшид патша бұл күннің сырын түсінгеннен кейін оны «Наурыз» деп атады да, мерекеге айналдырды. Жәмшидтен соң мұны өзге патшалар да және барша жұрт мейрам ретінде қабылдайтын болған.

Қалай дегенмен де, Наурыз қазақ үшін қасиет дарыған мереке. Қасиеті де қадірі де сол ата-баба рухын қастерлеуден туса керек. Бабалар аманат еткен ұлы тойдың пәлсапалық та ғылыми нақтылық тұрғысынан да үйлесімді екені хақ. Атадан балаға ауызба ауыз, көзбе көз және терен пәлсапасымен аңыздар арқылы жеткен Наурыз турасында әлі де адамзат барда зерттеулер жасалып, тың деректер туыла беретіні белгілі. Наурызға байланысты халық аузынан бүгінге мирас болған аңыздарға мән берейікші. Аңыз әңгімелер сол байырғы халық дүниетанымының айнасы екені мәлім ғой.

Наурыз - жыл басы

Парсы елінің ерте дәуірлердегі тәңірі Изид күнді жаратарда оған ерекше ықылас-мейір төккен, күнге үнемі қозғалыста болуды бұйырған. Күн өзінің жылдық айналымында әрбір жұлдызды бір айда басып өтеді... Он екі жұлдыздың бірі амалға күннің бірінші кірген күні, күн мен түннің теңелуі, көктемнің басталған күні болып есептеледі. Бұл күні дүние дидары өзгереді және жарық дүние жасанған, жасарған қалыпта жаңа нәрселер пайда болды. Ажам (парсы) патшалары дәл осы күнді айрықша атап өту үшін әрі екінің бірі бұл күнді оңайлықпен таба алмасын біліп, оны белгілеп, айдарлап қойды. Мұны баршаға мәлімдеп мейрам деп жариялады. Осы аңыз желісі бойынша парсы әлемінің бірінші патшасы Каюмарс таққа отырғаннан кейін жылдың әр айы мен күніне ат қоюға, адамдар біліп отырсын деп жылнама жасауға жарлық берген. Жылдың басы фарвардин айы атанды. Каюмарс жыл есебін жасаған соң қырық жыл өмір кешкен, одан соң таққа Хұшаң (970 жыл патша болған), одан кейін Тахмұрас (30 жыл патша болған), одан кейін Жәмшид отырған (бұл аралықта тарихтан 1040 жыл уақыт өткен дейді). Жылдың басы – мейрам күніне «наурыз» деген атты осы Жәмшид патша берген.



ТАҢДАУЛАРЫҢ
ДҰРЫС БОЛСЫН

«Студенттің сырласы» айдарына көз жүгіртіп, өзінің сонау 90-жылдарда қалған студенттік кезімді қатты сағынып кеттім. Сағыныштан бұрын кеудемді өкініш кернеді. Менің студенттік кезде жасаған қателігімді қайталамасын деп, осы сырымды сіздерге арнағым келеді, студенттер қауымы.

Ол 1989 жыл болатын. Мен Орыс тілі мен әдебиеті факультетіне емтихан тапсырып, оқуға түстім. Алғашқы жыл мені арманымның шыңына шығарғандай болды. Ауылдан құрт-май, қазы-қарта үзіліссіз келетін. Әкем апта сайын ақша жіберіп тұрды. Екінші курсқа көшкенімде оқыстан әкемнен айырылдым. Болашағымнан үмітімнің үзілген шағы сол болатын. Анам болса кіші ініммен декреттік демалыста еді. Сөйтіп анама салмақ салмас үшін, мен ауруханаға санитарлық қызметкер болып жұмысқа тұрдым, кейін еден жуушы, кемпір-шалдарды күтуші де болдым. Жұмыстан шаршап жүрген мен үшін сабаққа қатысу сиреп кетті, азын-аулақ табысым тек жүріс-тұрысым мен тамағымға жететін. Ал киім алу туралы мүлде ойлай алмайтынмын. Тозығы жеткен киіммен институтқа баруға тіптен ұялатынмын. Менің бейшара халіме наразы болған жігітім де мені тастап кетті. Ақыры менің құлай сүйген Арманым жатақханадағы бөлмелес Анар құрбыма үйленді. Ол да мен үшін қатты соққы болды. Бірінші курста мен шын мәнінде қатарымның алды болып едім, әкем мен үшін ақшасын да аяған жоқ. Басыма қара бұлт үйірілген кезде менің жанымнан табылған жұбатушым болған жоқ. «Сені ғана сүйіп өтемін» – деп серт берген Арман да арманымға айналып оқыс алыстап кете барды. Тоқшылықтан жоқшылыққа тап болғаным мені аса алаңдатқан жоқ, тек айналамдағы адамдардың маған деген қарым-қатынасы мені қатты есеңгіретті. Осыдан артық шыдай алмай, мен оқуымды тастап, ауылға кеттім. Анама қолғабыс қылып жүріп, күндердің күнінде тұрмысқа шықтым. Бірақ ол жігіт те мен ойлағандай болмай шықты (қазіргі күйеуім). Өкінішке орай, ол менің жоғары білім алмағанымға қатты шамданады, сол үшін көп рет тіл де тигізді. Білімсіз, дипломсыз көрген күнің осы. Сондықтан айналайын студенттер, әсіресе қыздар қауымы, тағдырларың қандай қиындыққа тап қылса да, шыдап кетіңдер. Сіздерге кеңесім: оқыңдар, маман атаныңдар. Әйтпесе өмір бойы сорлап, біреудің қол шоқпары болып өтесіңдер. Таңдауларыңды дұрыс жасаңдар.

Сәлеммен: Зәбира

МҰҒАЛІМНІҢ АТЫН ЕСКЕ ТҮСІРЕ
АЛМАЙТЫН КЕЗДЕРІМ ЖИІ БОЛАТЫН

Алтынбек Юрийұлы Лебяжі ауданына қарасты Шәмші ауылының тұрғыны. Әр таңның алтысында «Fresh таң» бағдарламасына арбамен жетеді. Бүгін таңертең оның арбаға мініп жатқанын көріп, сәл-пәл сұхбат алып қалдым. Соны сендерге ұсынамын.

– Алтынбек, қаладан ауылға қайтып бара жатқанда нені армандайсың?

– Қалаға көшіп келіп, «Ирбис» телеарнасының жанынан пәтер жалдауды армандаймын.

– Ол арманыңа студенттік кезінде қол жеткіздім деп едің ғой...

– Студент болғаным рас, бірақ пәтерде емес, жатақханада тұрдым. Үш жыл бойы музыкалық колледжінің жатақханасында өсіп-өндім. Небір түрлі тосын оқиғаларға тап болып

қалатынмын. Сабақ оқуды ұмытып кететін, параға ұйықтап қалатын, мұғалімнің атын еске түсіре алмайтын кездерім жиі болатын. Жатақхана дегенде әсіресе, мең-зең болып, ұйқым қанбай жүрген шақтарымды еске аламын.

– Кейіннен ұйқыңды қандыра алдың ба?

– Жоқ әрине. Өзің білесің ғой, мен таңғы бағдарламаны жүргіземін. Жолда ұйықтайын десем, қалаға жеткізетін Қарагер атым маған ұйқы бермейді. Өйткені оның да іші пысып кетеді ғой. (Попробуй, 70 шақырым жер жүріп көр)

– Сен қандай студент болдың?

– «Ұйқысын қандырғысы, қарнын тойдырғысы келетін қияли студент болдым. Ал бұл сынақтан өтпегендер, нағыз студент бола алмағандар». – деп арбасына мініп, ауылына кете барды.



ТАНЫМАЙМЫН ДЕСЕҢ...

Алтынбекстан

«журналистикадан» кетті ме?

Біреуге бейтаныс, ал енді бірі Алтынбек Мұқышевті жақсы таниды. (лақап аты Алтынбекстан). Негізі Екібастұз қаласында туғым деп даңдайсығанымен, Павлодар ауданына қарасты Новоямышево ауылының түлегі. Бойы ұзын емес, бірақ ойы да қысқа емес. Ал тәқаппарлыққа келгенде, алдына жан салмайды. Бірақ ойына сене ме, бойына сене ме, белгісіз... Бірі оны ақын дейді, бірі актер дейді. Ал енді бірі кім екенін «мүлдем» білмейді.



А
Л
Т
Ы
Н
Б
Е
К

Мен де оның қазір қай санатқа жататынын білмеймін, десек те, бұрын кім болғанынан хабардармын. Көрген-білгенімді ортаға салайын ендеше. Ол кезде 1 курсқа емтихан тапсырғалы келдік. 2007 жылдың шілдесі-тіні. Үлкен аудитория, гранттан үмітті ауыл балалары. Қалалықтар да жоқ емес. Алдыңғы тартада жасыл көйлек киген ауылдың баласына көзің түспеске шараң жоқ. Себебі емтихан қабылдаушылар оны «Сарыарқа самалы» газеті арқылы қыздарды айтысқа шақырып, тіпті айтысып та үлгергенін айтты. Осындай да үндемес айтыскер бола ма дедім іштей. Бірақ болады екен. Сонымен, біздер С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Журналистика» бөліміне оқуға қабылдандық. Алтынбекке аудан әкімінің гранты бұйырды. Алтекең көп сөйлемейтін, бірақ қажет болса, сөзбен соққы беретін де иығынан күліп отыратын. Емтихан күндері соңғы тартаға отырып алып, «қыздар, кім менімен отырады, бірақ таласпандар» – дейтін, онысы біздің шамымызға қатты тиетін. Көбіне жанына мен отырушы едім (неге екенін білмеймін). Сіз болып, біз болып, сынақтан сүрінбей өтетінбіз.

Ол өзінің бар болмысын 2 курста көрсете бастады. КВН-ге де қатысты, тіпті университеттің омбудсмені болды. Әрине ол жетістіктері өз-өзін «жұлдыз» санауға себін тигізбей қойған жоқ. Жүрісі, киім киісі, ал ең бастысы шаш үлгісі оқыс өзгерді. Алтоштың атын ұмытып қалғандар, «мальчик с прической» – дейтін. Әбден жұлдыз болып алған серіміз, бір күні «СМС +» газетіне «Мен КВН-нен кеттім» – деп жар салды. Кейіннен «Ойна» ән мен өзіл театрына қабылданып, өткен жылы «Регион» облыстық газетіне «Мен Ойнадан кеттім» – деп те сұхбат берді. Осының ісі кетуден ғана келеді екен дедік те қойдық.

Айтпақшы, оның тағы бір қыры бар, ол қаламыздың қымбат асабаларының бірі. Өзірге тойдан кеттім деп айтқан жоқ, дегенмен кім білсін... Клип түсіремін, рэппер боламын дейтіні бар. Бір рэпін тыңдадық, ол өзінің курстас серігі Серік Тоқайға арналыпты, әлгі досы махаббат жазасына ұшырапты-мыс. Оған рэп арқылы Алтынбек басу айтыпты. Міне, бұл жігіт осындай. Негізі, талпынса, мықты журналист та бола алады, бірақ мамандығы жайына қалған секілді. Осы ретте Алтынбек журналистикадан да кетті ме деген ой туындайды. Өз саласынан келмеске кетсе, өкініштісі де сол дегім келеді.

Алтынбек Тағлимовтың бір басына Алла Тағала бар өнерді бес елі қып берген. Ол әнші де, күйші де, ең бастысы керемет актер де. Өз кезегінде өзін мойындата алды да. Қазір де өнерден құр алақан қалған жоқ. Дегенмен, сахнаға шығуы жиілеген сияқты. Жұмыс бабына байланысты әрине. Өйткені ол қазіргі таңда Лебяжі аудандық халық шығармашылығы және мәдени-сауық орталығының директоры. Қызметі қаншалықты қиын болса да, Алтынбек Болатұлы студенттік кезінің бал сәттерін ешқашан ұмытқан емес. Тіпті сол қызықтарымен біздің студенттермен бөлісуден де бас тартпады.

Студент болғанда
қыздардың тамағын
жиі ұрлайтынбыз

Мен 1992-1996 жылдар аралығында Павлодар музыкалық колледжінің студенті болдым. Студенттік кезімнің қыз-қыз қайнаған сәті әсіресе жатақханада өтетін. Бәріміз дерлік ауылдан арман қуып келіп, өнердің өріне шығуға талпындық. Жатақханада әр қабат-қабаттарға бөлініп (этаж) жарысатынбыз. Түрлі конкурстарға куәгер да, қатысушы да болдық. Ал тоқтыққа келер болсақ, әрине қарнымыз қатты ашатын. Ай сайын шәкіртақы алғанымызбен, 90 жылдар кімге болса да қиын болды, өйткені ол теңгенің жаңа енгізілген уақыты болатын. Сонымен, аш қарынға басу іздеп, қыздардың тамақ істеп жүргендерін аңдып алып, дайындаған ыстық тамақтарын ұрлап кететінбіз. Сөйтіп төрт жыл төңірегінде қыздардың тамағымен тоқ жүргеніміз жасырын емес. Студенттік кезімді бүгінгі күні қатты аңсаймын және сол жылдары бастан өткерген қиындықтарым, қазір ең керемет жылдарымдай сезіледі.

Бетті дайындаған Эльмира АБЕТЖАНОВА

Кемелді келешегіміз деп отырған жастарымыз сол келешекке табандай ұстап үш нәрсемен бару керек. Ол – имандылық, білімділік және рухани кемелділік. Бұл үшеуінен мынау бірінші, мынау екінші деп қарауға болмайды. Ошақтық үш бұтындай бірін-бірі толтырып тұрған дүние. Рас бүгінгі жастардың түгелге жуығы жоғары білімді. Әр нәрседен хабары бар. Қасқайған мемлекеттердің қай-қайсының да тілінде еркін сөйлеп, әлем аралап жүргендері де қаншама. Бірақ көзі ашықтың бәрінің көкірегі ашық болмай тұр. Осы білімділердің көбі, пайызбен мөлшерлесек 100-ден 70 пайызы рухани кедей. Сол рухани кедейліктен, мынау менің елім, ол бар болса мен бармын. Осы елдің келешігі үшін барымды беремін, қажет болса жанымды беремін дейтін сезімдерден жұрдай қалуда. Кешегі тарихым қандай еді, бүгінгі мәдениетім қандай, ертеңгі тағдырым не болмақ дейтін сұрақтарға басын қатырмауда. Қазақ тілінде сөйлеуді қажет деп білмей сол тілдегі ұлттық мұралардың бәрін ұмыт қалдыруда. «Болашақ» бағдарламасымен шетелге кеткен жастарымыз, былайша айтқанда сеніп отырғандарымыз еліне қайтқысы келмей сол жақта қалып қояуда. Айта берсе көп-ақ...

Алла Тағала Құран Кәрімде: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз, сендерді бірер, бір әйелден (Адам ата, Хауа ана-

дан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тану үшін сендерді ұлттар мен ұлыстарға бөлдік. Шындығында, Аллаһтың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Күмәнсіз, Аллаһ толық білуші, әр нәрседен хабар алушы», – деген. («Хужурат» сүресі, 13-аят).

қаны керек. Сонда ғана қалтаң бүтін болады, халықта күтім болады.

Жалпы рухани кедей адам ұятсыздыққа бейім тұрады. Одан барып азғындыққа, айуандыққа түседі. Мысалы, бүгінгі қоғамда бетке ұрып тұр-

1. Әрбір адам, қазіргі таңдағы мемлекетті тығырыққа тіреп отырған көптеген мәселелерді иман таразысымен таразылау арқылы ғана шеше алатынымызды түсіну керек. Сол үшін балаларымызды жиі-жиі мешітке апарып имамдармен, діни ұстаздармен сұхбаттастырып, жастайынан иманды ұрпақ етіп тәрбиелеуге ерекше назар аударуымыз керек.

2. Әр адам қазіргі діни ахуал жайында ақ-қараны айыра алатындай білім жыйып, намаз оқитын адамдарға үрке қарайтын көзқарасты жою керек.

3. Діни қызметкерлерге (имамдар, молдалар) ең соңғы сатыдағы адам сияқты қарайтын көзқарасты жою керек. Ол үшін оларға мемлекеттік қолдау керек.

4. Діни мамандар дайындайтын медреселерге біз ең озат та алғыр балаларды таңдап қабылдауға тиіспіз. Бүгінгі тәжірибеде керісінше бұзақы, денсаулығы нашар, үлгерімі төмен болып оқудан шығып қалған балалар қабылдануда. Ал болашағынан үміт күтіп отырған балаларымыз көбінесе тек дүниеауи оқулармен шектелуде.

Осындай мәселелерді терең ойлап, ел сенім артып отырған бүгінгі буын ертеңгі таңына осы үш нәрсені ақыл санасына салып ала барса еліміздің келешегі кемел, бағы баянды болар деген үміттеміз. Жаратқан Алла елімізге есендік беріп, жастарымызға жәрдемші болсын!

Қуанышбек ШАРМАНОВ



ИМАНДЫЛЫҚ

ҮШ КЕРЕК НЕМЕСЕ ИМАН САУАТЫ

«Отанды сүю – иманнан», – деген қадірлі сөзді түсінетін уақыт жетті. Яғни, өз ұлтыңның әрбір құндылығын, мұрасын шарифат шеңберінде қалыптасқан дәстүр-салтын көзіңнің қарашығындай күзетуге, «өкіметтікін аяйсың ба?» деген надан түсінікті санадан сылып тастап, мемлекеттің әрбір затына жанашырлықпен қарауға, ана тілінде сөйлеуге, оны сүйіп қорғауға міндеттісің. Осы тұста тағы бір тілге тиек болатын сөз өз ұлтын өзі жаудай тонап шет елге шеке бұрып жатқан жемқорлармен, қаламын қимылдатқанға ақы дәмәткен қанағатсыздармен күресу үшін өкімет миллиондап қаржы төгуде. Бұл кеселді тоқтату үшін де миллиондаған қаржы емес сол орынға иманды адамның жайғас-

ған адам өлтірушілік, есірткіге, ішімдікке құмартушылық, зинақорлық осылардың ең сорақысы батысты бүлдіріп біздің елдің де бас ауыруына айналып үлгерген бір жыныстылардың жұптасуы бұлардың бәрі осы рухани кедейліктен шығады. Енді, осы рухани кедейліктің алдын алатын жалғыз нәрсе, ол – иман. «Ақылды адамға иман парыз» депті Абай атамыз. Жүрекпен қабылдап, ақылмен сіндірген толық иман осы дана атамыз айтқан «...толық адамды» қалыптастырады. Компьютерге вирус кіргізбес үшін антивирус орнататыны секілді бүгінгі жастарымыздың саналарына сіңіп жатқан түрлі вирустар арқылы туындап жатқан жоғарыдағы қиыншылықтың бәрінен иманның сауытын кигізу арқылы ғана құтқарып қала аламыз. Ендігі мәселе осы иманның сауытын қалай кигізе аламыз. Ол үшін:

ОҚЫРМАН ОЙЫ



Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан екен. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен таралды. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылғынан бастау алады.

«Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен», – деген екен Ахмет Жүнісов. Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың

ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған». Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширектіріп, шынықтырады.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері мен ойындарының көптігі соншалық, оларды адамның жас ерекшеліктеріне қарай топтауға да болады екен. Мәселен, «тоғызқұмалақ», «хан дойбысы» секілді ойындар жас-кәріні тапқамайтын болса, кейбір басқа ойындар тек әр жас өкілдеріне ғана тән.

ҰЛТТЫҚ ОҰЫННЫҢ ТҮГІЗЕР ПАҰДАСЫ ҚАНДАҰ?


Біздің ұлттық ойындарымыздың жас буын өкілдерінің денсаулықтарын сақтау үшін әрекет, адамның күш мүмкіншілігін дамытуда, жеңіске деген жігерін шыңдауда, қиыншылыққа төзу қимыл-әрекетін шоғырландыра білуге үйретеді. Сонымен қатар, ұлттық ойын түрлері жасөспірімнің даму жолы са-тысында көптеген міндеттерді арқалайды. Мәселен, бойының күш-қуаты қалыптасады, сыртқы ортаның түрлі қолайсыз жағдайларына төзімдірек келеді, қозғалысы жинақы, ширақ, тез, әдемі жарасқан, қарым-қатынастық ережеге бейімделуі жоғары, сезіну, математикалық ойлану және еңбектену қабілеттері бір-бірімен үйлесімді және бірін-бірі толықтырады. Аз қозғалыссыз ортада нерв талшықтары тез тозады, қан айналым жүйкесі біртіндеп ауруға шалдығады, жүрек қабынады, бойды әуре-сарсаң құрыстырады. Жүрегі шынықпаған адам тез шаршайды, тырысқақ немесе ашушаң келеді. Жалқаулық жекенің де, ұлттың да қасіреті. Онда санасыздық басым. Жүрегі шыныққан адамның мінезі де төзімді, кеңпейіл, батыл соғады, қарсыласынан қайтпайтын тынымсыз, күрескер келеді. Жүрегі ашық жан қиыншылықтан құтылудың, қуанышқа жетудің саналы жолын таңдайды, өзін қарапайымдылық пен қайырымдылықтан ауытқыта бермейді. Өзін емдеудің, сергітудің тиімді тәсілдерін қолданады. Мектеп жасындағы оқушылар үшін ұлттық ойындардың

алар орны ерек. Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар балалардың өсіп жетілуінде үлкен рөл атқарары сөзсіз. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын түрлері: «қасқыр қақпан», «қоян», «қырықаяқ», «сиқырлы таяқ», «соқыртеке», «мерген мен үйрек», «ортаны тап», «кім байқағыш?», «қоян мен қасқыр», «сап түзеген батырлар», «жануарлар қалай үндейді?», «қарғымақ», «кім жылдам?», «жанды дөңгелек», «ақсерек, көксерек» т.б. Орта сынып оқушыларына арналған ойындар: «дәл түсір», «қызыл ту», «қашпа доп», «тоспа доп», «қазан доп», «тауық күрес», «жау аударыспақ», «жоғалған топты іздеу», «бәлләй», асық ойындары т.б. Жоғарғы сынып оқушыларына арналған ойын түрлері: «арқан тартыс», «мо-


йын арқан», «қазақ күресі», «білектесу» т.б. Зеректік ойындары: «хан дойбысы», «тоғызқұмалақ» т.б.

Қорыта келе, қазақтың ұлттық ойындары адамның талдау, таңдау қабілетін шыңдайды, ортамен тіл табысуға, қарым-қатынасты жетілдіруге, жұмысын мазмұнды етуге, жеңіске жетудің ең тиімді түрлерін қарастыруға, адамның бойындағы қасиетті әлеуметтік күшке және қозғалысқа айналдыруға итермелейді. Ұлттық ойындарымыздың адам өмірінде алар оң орнын ескерсек, ұлттық құндылығымыздың, төл ойындарымыздың да ұмыт қалмауын қадағалайтынымыз анық.

Павлодар ауданы №1 Черноречк жалпы орта білім беру мектебінің математика пәнінің мұғалімі Самархан Гүлжазира



Бетті дайындаған Мереке АМАНТАЙ



ЕСІМІҢ ҰЛТЫҢДЫ ҰЛЫҚТАСЫН

Бүгінгі қазақ қоғамында заты мен аты сәйкес келмейтін дүниелер жиілеп кетті. Халық мұндайда жарнаманың әсері дейді. Сол жарнамашылардың өздері жарнамаға сенбеңдер деп зар қағады. Бүгінгі әңгіме жарнама жайында емес, затынан алшақ есімдер турасында болмақ. Ия, дүниеге келген күннен азан шақырып қойылған есімдеріміз затымызға неліктен сай келмеуде?

XXI ғасырдың заманауи қазақ қоғамында белең алып келе жатқан мәселелердің бірі – ұлттық нақышынан айырылған есімдердің көбеюі. Бір қарағанда мәселе деуге аузың бармайды. Алайда, бүгінгі қазақ шетелдік есімдер мен мән-мағынасыз есім қоюды мықтап мақсат еткен сыңайлы. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлтымыздың ұмыт қалған тарихи тұлғаларының есімі қайта оралады деген үміт болды көпшілікте. Расында ардақты есімдер оралып жатты ортамызға. Тіпті қазақты қойып, сақтар дәуіріндегі Тұмар ханымның грекше атауы – Томирис аты жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай жамыра жарияланып жатты тұс-тұстан. Халықтың шығармашылығында шек жоқ. Азияда, Сәммитхан, Дағдарыс сынды есімдерді былай қойғанда, шетелше естілетін есімдер көбейіп кетті. Даяна, Диана, Элеонора, Даниел, Раяна, Ситоралар қаптап жүр ортамызда.

Соңғы күндері шетелдік сериалдардың кейіпкерлерін аразыдан көрсеңіз, таңғалмаңыз. Байрон, Жасмин, Надирлерді де осы күні ортамыздан жиі кездіреміз. Заты қазақ болғанымен, аты

белгісіз азаматтарымыз артып келеді. Бүгінде қазақ зиялылары қоғамдағы есім қою мәселесіне зер салып, дабыл қағуда. Жазушы Дулат Исабеков бір сұхбатында: «Түрік сериалдары қызық шығар, көрсін, қызықсын, бірақ, кейіпкерлердің аттарын балаларына есім қылып беріп жатқаны менің күлкімді келтіреді. Ол бала есейгенде қалай өмір сүреді? Біздің қазақ қашан өзінің қазақ екенін ұғады?», – деп налиды.

Бірнеше он жылдықтан кейін бүгінгі жас бүлдіршіндер өсіп, қоғам жаңарады. Егер, баламызға мәңгі есім қоюды осылайша жалғастыра берсек, қазақ қоғамы ағылшындық, грек, француз, неміс, түрік, үндіс, көріс сынды шетел есімдерінен құралған коктейлдік яғни, түсініксіз аралас дүниені қалыптастыратыны сөзсіз. Қазақылығымыздан түр әлпетіміз ғана қалмаса игі болар еді.

Қазақтар дүние есігін жаңа ашқан сәбиге есім беруге аса мән берген халық. Бұл істе елді таңғалдыруды немесе басқалардан өзгешеленіп тұруды өсте, көздемеген. Балаға есімді ырымдап, жақсылық ниетпен, болашағы жарқын болсын, соған септігі тисін деген игі

тілекпен қояды. Мысалы Ұлтуар, Ұлту, Ұлтуған деген аттар бар. Осыдан кейін ұл тусын деген ниетпен қояды. Шетіней берген соң тоқтасын, аман болсын деген ниетпен Тұрсын, Тоқтасын, Жұрсін деп қояды. Немесе тіл-көзден сақтасын деген ниетте Жамаубек, Шұлғаубай, Көтібар, Жаманбай деген есімдер берілген. Яғни мұндай есімнің өзі тегіннен-тегін қойылмаған. Кез келген отбасы дүниеге келген баланың болашағына қамқорлықпен келіп ат іздейді. Тіпті кейде айналасындағы жақын туыстарымен ақылдасады, ауылдағы, әулетіндегі, еліне еңбегі сіңген азаматтардың атын қояды.

Түйін. Қалай десек те, бүгінгі қазақ сәбилеріне таңқаларлық ат қоюдан жаһанның есім ойлап тапқыштарынан қалыс қалып жатқан жоқ. Кеңестік дәуірде қойылған Колхозбай мен Советкүл деген есімдеріне бүгінгі ұрпақ таңқала да түсіне алмай қарайтыны шындық. Уақыт өте, бүгінгі қоғамның «ерекше» есімдеріне болашақ ұрпақтың қырын қарамауына кім кепіл?

Жанар ЕЛЕШОВА

Қызықты фактілер:

- Президент сайлауы өткен 2005 жылы елімізде Елбасымен аттас сәбилер көптеп дүниеге келіпті. Оңтүстік Қазақстан облысында, мәселен, желтоқсанның 1 – 6 аралығындағы 5 күнде 25 сәби ҚР Тұңғыш Президентінің құрметіне Нұрсұлтан есімі иеленген. Сол жылы Қазақстанның өзге аймақтарында: Семейде – 34, Алматыда – 32, Астанада – 26, Көкшетауда – 21, Ақтөбе мен Ақтауда – 14, Атырауда – 11 және Петропавлда 10 Нұрсұлтан дүние есігін ашыпты.

- Бір америкалық отбасы өз балаларына ерекше есім берді – Гуд (жақсы), Беттер (одан да жақсырақ) және Зе Бест (ең үздік). Ал Калифорния штатының бір азаматы өз балаларын олардың ресми атымен атағанын өзінде О'Кей (жақсы) және Олл Райт (бәрі дұрыс) деп атайды.

- Ұлыбританияда бір қыздың ата-анасы жеті жыл соттасып жүріп қыздарына 21А деген есімді алып берген.

- Әлемдегі ең көп кездесетін есімдер қытайдың Ли, Ван, Чжан деген есімдері.

- Малайзияда ресми түрде тыйым салынған есімдердің тізімі бар. Оларға жан-жануарлар мен жемістердің және жапон автобомильдерінің аттары кіреді. Олардың ат қоюдағы бостандығы шектелген, олар өз перзенттерін Гитлер, Иісі шыққан бас немесе жай ғана Есі ауысқан деп атай алмайды.

- Әйгілі суретші Пабло Пикассоны бүкіл әлем біледі. Бірақ оның шын аты: Пабло Диего Хозе Франциско де Паула Хуан Непомукено Криспин Криспиано де ла Сантисима Тринидад Руиз Пикассо. Аты мен тегін түгел қосқанда 93 әріптен тұрады.

- Чикаго қаласында тұратын Джексондар отбасы өздерінің бес баласына бес аурудың атын қойыпты: Менингит, Ларингит, Аппендицит, Перитонит, Тонзиллит.

- Ресейде негізінен, дәстүрлі есімдер жиі кездеседі. Мәскеуде жиі қайталанатын есімдер – Александр және Анастасия, Нижегородск облысында – Анастасия мен Иван, Новосібірде – Максим мен Дарья. Сонымен қатар, Глеб, Василий, Борис, Григорий, Ярослав, Арсений, Корней, Мирон деген есімдер де «қайта оралуда». Ал қыздарға Ульяна, Василиса, Вера, Яна аттары жиі беріледі.

- Ал адамзат тарихында ең аз тараған есім Иуда. Бұл есім ғасырлар бойы сатқындар мен опасыздардың сипаттамасындай болып келеді.

**Айзат Қожабаева,
С.Торайғыров атындағы ПМУ
2 курс студенті**

Келді көктем!

Қуаныңдар ағайын келді көктем!
Шұрқыраған өзендер қыстан өткен.
Айналып табиғатым тағы бір жыл,
Сәбидей қайта туып бізге жеткен.

Қуаныңдар балалар келді көктем!
Қуаныштың сәті ғой көптен күткен.
Әжем сақтап, сүрлеген дәмділердің,
Тәрізді күні келіп бүгін жеткен.

Қуаныңдар дұшпандар келді көктем!
Ызалар кетер уақыт пәк жүректен.
Наурыздың жиырмасыншы жұлдызында,
Төс соғысып ағайын елжіреткен.

Қуаныңдар ғашықтар келді көктем!
Қос жүрекке Тағалам нұрын төккен.
Қосылып көктемдегі Ай мен Күндей,
«Жалындай ыстық сезім» нәзік леппен.

Қуаныңдар ақындар келді көктем!
Төгіліп өлеңдерің құзыреттен.
Бәйгедегі жарысқан тайлар сынды,
Шабыттан қаламдарың терін төккен.

Қуаныңдар мұсылман келді көктем!
Бар ағайын бас иіп, иман еткен.
Мешіттер ақ сәлделі перзенттерін,
«Үмбетім» деп кінәсін, жуып төккен.

Қуанайын келді деп менде көктем,
Реніштерді қарлардай күн еріткен.
Не деген мезгіл еді бұл тамаша,
Көркем еді, ғажап сырлы, көктем неткен!



КӨҢІЛ ПЕРНЕЛЕРІНЕН

**Айланьш Бекболқызы,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ 2 курс студенті**

Махаббат жолдары...

Жолы бұл махаббаттың тарам-тарам,
Таңдау қиын жүрекке жалындаған.
Бір тарамы ғана ғой жақсы жолы,
Соны тапқан жан ғана жолы болған.

Бір тарамы бұл жолдың көз көргенше,
Жүреді теріс бетін сездірмей-ақ,
Сен сүйіп Жаным деп те үлгергенше,
Қылады өткенінді бір күндей-ақ.

Бір жолы махаббаттың тез қуаныш,
Табасың сүйгенінді сүрінбей-ақ.
Бір жолы махаббаттың шексіз алыс,
Жеткенше сан жыл өтер білінбей-ақ.



Бір жолы махаббаттың құмарлықтан,
Жарасып кете алады жүрмесе де.
Кейбіреу құрығында құмарлықтың,
Өткізер бар өмірін сүймесе де.

Кей жолы махаббаттың бір көргеннен,
Баурап алып жатады бірін-бірі.
Кейбіреулер алданып бұл сезімге,
Басқа адам боп өзгерер көңіл-күйі.

Таңдау жаса бойжеткен өз жаныңа,
Алла қолдап жете бер арманыңа.
Сиқырлы сезіміме ерік беріп,
Бірір шумақ арнадым баршаңызға.



Өңірімізде көрнекті түрде жұмыс жасап жүрген өнерлілер аз

Өлкеміздің өнерлі жастары «Думан» тобын республикалық телеарналар мен танымал өнер жұлдыздарының арасынан жиі көріп марқайып қалатынымыз бар. Айтыскер ақын Ринат Зайытовтың сөзіне жазылған «Ләйлімсің» әнінің бейнебаяны жарыққа шыққан соң, жігіттердің өндеріне деген сұраныс жер жармаса да, жерлестеріміздің назарларын алабеттен аударды. Әрине біздің де назарымыздан тыс қалмады. Топ мүшелерін еркін сұхбатқа шақырып, әдемі әңгіменің тізгінін жіберген жайымыз бар.

– Жігіттер, күн жексенбі болса да, сіздермен сәтті сырдың сәті түскенге ұқсайды, әңгімеіміздің шетін шығармас бұрын, сауалдарымызға тек шынайы түрде жауап бересіздер деп сөптесейікші...

Назымбек: Әрине, тек қана шындықты айтамыз.

Серік: Басқаша болуы да мүмкін емес – **Үшінші топ мүшесі Рүстем Астанаға қоныс аударыпты дегенді естідік, екі шаһарға бірдей жұмыс жасауы қалай болмақ, жалпы «Думан» бөлініп кетіпті деген ду-ду сыбыс жетті бізге, ақиқаты қайсы?**

Серік: Рүстем отбасымен елордамызға қоныс аударғаны рас. Бірақ тобымыздың бөлінбегі жоқ, бөлінуі мүмкін емес. Тобымыздан алғаш болып Астанаға орын тепкен Рүстем, сәл уақыттан соң біз де сол жаққа ойысамыз.

Назымбек: Астана өнерінің өрге жүзуіне біздің де үлес қосқымыз келеді, Алматыға да жиі барып жүреміз, бірақ біздің жанымызға Астана жақын.

– **Ал шығармашылықтарыңыз сәл ақсаңқырап, репертуарларыңыз тарығып қалған реуішті, солай ма? Әлде...**

Назымбек: Жасыратыны жоқ, солай. Өткен жылы шығармашылықпен мүлде айналысқан жоқпыз деуге болады, бірақ өнер тарихымыз осымен тоқтап қалған жоқ. Тізгінді қайта қолымызға алып, жаңа өндер жаздырып жатырмыз. Жақын арада жаңа туындыларымыздың да тұсауын кесерміз.

– **«Ләйлімсің» әні де, оған жазылған бейнебаян да тыңдарман көңілінен толығымен шықты. Айтыңыздаршы, түсірілім кезінде туындаған оқығалар немесе қызық жағдаяттар болды ма?**

Серік: Басты кейіпкерге таңдаған қыздың бойы бізден әлдеқайда ұзын болды да, сәл қиындықтар осы тұрасында туындады. Мәселен, менің аңшы болып, елік атайын деп тұрған тұсымнан келіп тосқауыл қоятын сәті бар ғой, бойының менен ұзын екенін білдірмес үшін, тізерлеп келіп садағымды алған сәтін есіме алсам, күлкілі. Мен де байкер болып аса жарытқан жоқпын, бұдан бұрын мотоцикл жүргізгенім шамалы екені білініп қалды. Соған байланысты да бірнеше дубль жасауға тура келді.

Назымбек: Ауа райының нағыз шыжып тұрған кезі-тін. Сондай-ақ, Ташкенттің қандай ыстық екенін білесіздер. Өз басым фототрафтың ролінде болғандықтан шұғыл түрде суретке түсіріп, жұмысты тез аяқтауға асықтым. Рүстем болса 1967 жылдарда шыққан көліктің ыңғайын таба алмай аздап қиналды. Бетіміздің әрленгені де мазамызды алмай қоймады. Күннің ыстығы болмаса, айтарлықтай қиындықтар туындаған жоқ.

Серік: Назымбекке «тез-тез түсір» – деген сайын, дереу бітіру үшін фотоаппаратты бақылаусыз баса берген, соңынан фотоаппаратты барлап қарасақ, 500-600 фотоны бірақ түсіріпті.

– **Клип қандай мазмұнға құрылды? Тыңдармандар бұл түсірілімнен не тую керек еді?**

Назымбек: Бейнебаянның мазмұны мен мән-мағынасы табиғатты қорғауға шақырады. Сондай-ақ, біздер балық аулауға да, елік атуға да дер кезінде келіп тыйым салатын қыздың су періштесі екенін бірден түсінбедік. Ең соңында барлығымыз су жиегінде бірлесіп, бар көргенімізді өзара баяндай бастадық. Нәтижесінде ол қыздың су періштесі (русалка) екені анықталды.

– **Павлодар облысының өнерпаздарынан кімдерді алдыңғы санатта деп ойлайсыздар?**

Назымбек: Өңірімізде көрнекті түрде жұмыс жасап жатқан өнерлілер аз. Солардың санатынан суырылып шыққандары сау-сақпен санарлық. Олар – Арман Хасенов, Серік Мүсәлімов, «Бәке мен Сәке» және Елдос Төлеубаев.

– **Той жүргізесіздер ме?**

Назымбек: Ақиқатында, той – күнкөріс көзі. Онымызды жасырмаймыз да.

– **Сіздер жүргізетін бір тойдың өтемі қанша?**

Серік: Әр кезде әрқалай. Бар қазақтың әлеуметтік жағдайы бірдей емес, бірақ тойдан ешбірінің бастартпағы жоқ. Кейбірі нақты соманы айтып хабарласады, осынша қаржыға өткізіп беріңіздерші деп өтінеді. Ондай өтініштерді де жауапсыз қалдырмауға тырысамыз.

– **Ал өтініш бойынша еш ақысыз өткізулеріңіз мүмкін бе?**

Серік: Ондай болмайды. Таныстарымыздың шақыртуы бойынша ән айтуымыз мүмкін, бірақ тойды ақысыз өткізбейміз.

– **Сонымен, «Думан» тобының ставкасы қанша?**

1000 доллар.

– **Қымбат емес пе?**

Назымбек: Егер еңбегімізді бағалайтын адамдар болса, олай деп айтпайды, бірақ той иелері де әртүрлі болып келеді.

– **Ал тойға шығып бір ән айтқандарыңызды қаншаға бағалайсыздар?**

Серік: 300-350 доллар.

– **Жұлдыз ауруы деген дертке ұшырадыңыздар ма?**

Серік: Осы сауалға нақты жауап бере алмайды екенмін. Бәлкім ондайым болған да шығар, бірақ өзіме білінген жоқ.

Назымбек: Пенделікке салынып, кеудемді кернеген кездерім болды. Бірақ мені өзіме айтылған сындар мен үлкен сахналар өзгертті.

– **Жанкүйерлер жағы қалай? Қыздар тұрасында...**

Назымбек: Телефон арқылы танысқылары келетіндер көп, дос ретінде араласайық дегенді алға тартады.

Серік: Қашақтауға тырысамыз. Соңы жақсылыққа апармауы мүмкін.

– **Өңіріміздегі тыңдармандарға өкпе бар ма?**

Бір ауыздан: Жоқ. Ризамыз.

– **Сауалдарымыздың салмағы ауыр болды ма?**

Серік: Керісінше, ұнады.

Маңыздысы, сауалдардың барлығы дерлік тыңдармандар тарапынан түскенін өскере жүріңіздер. Ашық та әсерлі әңгімелеріңізге алғыс айтамыз. Қай жақта жүрсеніздер де, Кереку өңірі өз өнерлілерін жат жүректерге қимай-тынын ұмытпассыздар. Есігіміз де, жүрегіміз де айқара ашық, жігіттер.

Сұхбаттасқан: Эльмира АБЕТЖАНОВА

Наурыз айы келгенде...

Наурызкөже – ғаламдық құбылыстың кемелденген дәмін паш етуге арналған, Наурыз мерекесіне арнап жеті дәмнен пісірілетін ырымдық ас. Наурыз көженің мәні – «ескі» дәмдерді біріктіре отырып, жаңа жас дәм алу; әлемдік жаңа ғұмырдың басы ретіндегі жербетілік селдің (аласапыран) апатын позитивтік арнаға бұру ниетінен туылған. Наурыз тойына ғана тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәммен: сүт, ет, су, тұз, тары, құрт, жеміс, тағы сол сияқты тағам үлгілерінен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекемен құттықтауға келгендерге ықыласпен ұсынады. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік ұлттық тағылымы өте зор.

Көрісу – қазақтың қуаныш пен қайғыдағы ниет біріктіру ырымы, ғұрпы, адамдардың бір бірімен төс қағыстыра сәлемдесуі. Көкіректерді түйістіру арқылы, адамдардың бір бірімен бұлайша сәлемдесуі, көкірекке ұялаған жағымды ниеттер мен бастамаларды біріктіру, молайту пиғылынан шыққан.

Аластау – немесе шырақ жағудың бірнеше мәні бар: Қыдыр атаның жолына жарық түсіру, отауды аластау, лас қуат пен кірден тазарту, үйдегі құт пен ырысты, жылу мен ошақты қадірлеу белгісі, әруақтармен сыйласу, оларға құрмет көрсету нышаны. Шырақ жалғыз болмауы керек.

Белкөтерер – қариялардың ырыс таңын қарсы алу кезінде тамақтануына арналған мерекеге лайық ас мәзірі.

Селтөткізер – жігіттер тарапынан көңілі ауған бойжеткендеріне арнайы, алдын ала, әзірленген сыйлық.

Ұйқыашар – бойжеткендер тарапынан ғашық жігіттеріне арнап пісірілген, Ырыс таңын (Қыдыр түні) қарсы алу кезіндегі дастархан мәзірі. Қазақтың ежелгі дәстүрі болса да, көзіргі заман талабына кіріктірілмей келеді.

Науан – жаңажылдық қасиетті, молшылықты паш ететін дастархан. Бүгінде әр мерекеге тән өз тағамы бар деуге болады. Науан қазақ ұғымына негізделген үш текті дәмнің топтамасынан тұрады: халқымыз «қызыл», – деп ет тағамын, «ақ», – деп сүттен пісірілген асты, ал «көк» деп көкөніс пен жеміс-жидекті атаған. Бұл – наурыздық несібе, береке, молшылық нышаны; Жер мен Көктің арасын жалғайтын ырыс пен мол берекені паш ету ырымы; наурыздық дастарханға қойылар тағамның бәрін жыйып, жүйелеп бір ғана науанға айналдыруға болады.

Наурызнама – шат-шадыманды ойын-сауық, той. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын осы мейрамаға келіп, көңілді ойын-сауықтар жасалады. Тойға ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт бәсекесі, айтыс, түрлі ойындар мен көңілді жұмбақтар, ән, өлеңдер, наурыз жырлары айтылады. Әркім үлкендерден бата тілейді. Наурызнама бұрын 3-9 күнге созылатын, халықтық, ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен қолданылатын ерекше үлкен жиын той. Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы Наурызнама.

Сыңғыр шолпы, шашбауың, жарасады таққаның

Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып
Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып
(М.Жұмабаев)

Шолпы – екі баудан тұратын шашқа арналған күміс әшекей. Қаңылтыр әшекей екі бау арқылы ортасындағы үлкен күмістерге жалғанады. Кейде қаңылтырдың орнына теңгелермен де әшекейлеген. Бірақ, оны «шаш теңге» деп атаған. Шолпыны өрім аяқ-

құрылымы жағынан шағын болып келетін шолпы өзара біріктірілетін қозғалмалы бөлшектер: құлпырма маржан тізбектерінен, тиындардан (жалған теңгелер де жарайды), жартылай қуыс не жалпақ, селдір медальондардан, күміске орнатылған түрлі тастан құралады.

Ал шашбау болса, шолпыдан ұзындығымен ерекшеленеді. Ол күміс шынжырлардан немесе жіптен, жібек баудан жасалып, маржан моншақтармен, сәндік әшекей бөлшектерімен безендірілген таспабаулардан тұрады.

Шолпы шаштың ұшына тағылатын болса, шашбау бұрымның түбіне ілінеді немесе шашпен бірге өріліп, бұрымға сән беріп тұрады. Кейде шашбау қара баудан жасалып, шашты ұзын әрі қалың етіп көрсету үшін қолданылады.

Шашбаудың да, шолпының да әшекей бұйымнан бөлек, өзіндік ерекше мақсаты болған. Бұларды оқи отырып, қазақтың даналығына еріксіз тәнті боласыз.

- Қоңыраулы шолпы таққан қыздар қатты күлсе, шолпы сыңғырлап, оқыс қимылдарға тосқауыл болған.

- Шолпы арқаны түзу ұстап, сәнді жүруді үйрететін модель мектебінің рөлін атқарған.

- Шолпының ауыр салмағы басты ауыртпай, емдік қасиетке ие болған.

- Шолпы, шашбау сыңғыры қыз баланың үйге қарай келе жатқанынан хабар беріп, үлкендер жинақтала бастаған.

- Шолпы салмағының әсерінен шаш ұзын боп өскен.

- Шолпыны да, шашбауды да бұрым тарқатылмай жинақы болып тұру үшін таққан.

Ұзын шаш қазақ түсінігінде айрықша киелі нәрсе болған. Сондықтан шаш өруге де айрықша дайындықпен келген. Шашқа тағылатын әшекей сыйлағанда бір-біріне «**Шашың ұзын, қалың болсын!**» деген тілек айтқан.

Бүгінгі заманауи күндері сыңғырлаған шолпы түгілі, белге түскен қолаң шашты қызды көру жиілеп бара жатса да, ұзын шаш маңызын жоя қоймады. Сондықтан, бұрымды бойжеткендерімізге «шаштарыңыз ұзын әрі қалың болсын» деген тілек білдіре отыра, дендеріңіздің саулықтары үшін шолпы, шашбау тағуды әдетке айналдырыңыз деп кеңес береміз.

Мөлдір САҒИДОЛЛА



Наурыз қандай ай?

Наурыз – жыл басы, маусымдық бөліністе көктем айы. Ол парсының «нау» – жаңа, «руз» – күн деген, яғни «жаңа күн» деген сөзінен шыққан. Көне жұлдыздық есепте оны «үт» деп атаған. «Үт кірді, үсік шықты» – деп, наурызда ауа-райының жылына-тынына қуанған.

НАУРЫЗДАҒЫ АУА-РАЙЫ

Халқымыз: «Наурыздың он бес күні құдайдікі, он бес күні кедейдікі», – дейді. Бұл наурыздың алғашқы жартысында ауа райының аумалы-төкпелі болып, қалған жартысында күн жылынып, қыстан қысылып шыққан кедейге кеңшілік болатынын білдіреді. Наурыздың бірінші күні күн мен түн теңеседі. Сол себепті наурыздың бірінші күні (жаңаша 22 – жұлдызы) – Наурыз мерекесі ретінде аталып өтіледі.

Ұзын сары. Наурызда өтіп болмайтын ұзақ күндер келіп, қоңторғайлау қараөзек шақ туады.

Алтын күрек. Наурызда атан түйені жығар, көктемнің қар ерітер өкпек желі, қарасуығы соғады.

Құс қанаты. Айдан соңына қарай жыл құстары қайта бастайды, сол кезде қар аралас жаңбыр, суық жел болады. Бұл мезгіл соған сәйкес осылай аталады.

Аласапыран. Наурызда қар еріп, жердің лайсаң болатын кезі.

Бесқонақ. Бұл – наурыздың 17-21 аралығында болатын қауіпті кезең. Онда қатты боран-шашын болады. Наурызда туғандар: астроном – жұлдызшы Ұлықбек (23.03.1394), Қасымұлы Наурызбай батыр (1822), алаш көсемі Әлихан Бөкейханов (5.03.1866), жазушы Ғабит Мүсірепов (23.03.1902).



ТЕСТ



ӨЗІНДІ ТАНЫ

СУРЕТТЕН НЕНІ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Суреттен өзіңізге ұнаған ағашты таңдаңыз, артынша ағашыңыздың нөміріне сәйкес келетін жауаптарды оқыңыз:

1. Кемелділікке ұмтылатын, өте сезімтал әрі мейірімді адам. Аздаған менмендігі бар. Адамдармен бірден сөйлесіп кете алмайды. Еңбекқор. Өзін ренжітпейінше, барлығына жақын адамындай қарайды. Достарын қандай жағдай болмасын қадірлей біледі. Біреу ренжітсе, көпке дейін ұмытпайды.

2. Жауапкершілігі мол, шыншыл әрі айналадағыларға өте қызықты адам. Пысық, өзінен сөз асырмайды. Әңгімелесуші адамның сеніміне бірден ие болады.

3. Ақылды әрі терең ойлайтын адам. Өзі секілді адамдармен ғана жақсы сөйлеседі. Қоғам үшін маңызды әрі көп адам басын қатыра бермейтін істермен айналысады.

4. Зерек адам. Бұл адамның қылықтарын айналадағы адамдар түсінбей, жүрегіне тиетін сын айтулары мүмкін. Аздаған философиялық ойлары бар, махаббат пен мейірімділікті талап ететін, эмоцияға берілгіш жан.

5. Өзіне сенімді әрі мықты адам. Өте белсенді, басқаруды ұнатады. Өмірде табысқа қол жеткізетін жан деуге болады. Шындыққа тура қарай біледі, өмір қиындықтарынан еш қорықпайды. Бұндай адамдар қорқақ, өтірікші адамдармен бірге болуды ұнатпайды.

6. Мейірімді әрі барлығымен тіл табыса білетін адам. Жүрген ортасының «гүлі» болуды ұнатады. Бұл адаммен сөйлескен өте қызық. Ол айналасындағыларға үнемі жақсылық жасап жүреді.

7. Бақытты да мейірімді жан. Өзгелерді сөйлесіп отырғанда жүрегімен тыңдай біледі, дос болып, сүйе де біледі. Күйзеліске оңай төтеп беретін оптимист. Алдына қойған мақсатына жетпей тынбайды.

8. Энергияға толы әрі қызықты адам. Қызық оқиғаларға тап болғанды ұнатады. Саяхаттағанды жақсы көреді. Қайда жүрсе де көңілді жүреді. Өзінің хоббиін жиі ауыстырады.

9. Оптимист әрі көңілді жүретін адам. Бұл адамдар өмірдің әрбір тағатын бағалай біледі. Қолында барын өзгелерден аямайды. Әрдайым қуануға асығады.



ҒАЛЫМДАР АДАМ ТҮСІЖ ОҚУДЫ ИТЕРУДЕ



Ғалымдар адамдардың түс әлеміне бірнеше рет енуге талпынған көрінеді. Бұл бағыттағы жұмыстар әрдайым жасалып, дамытылып келеді. Мәселен, нейрофизиологтар адамдардың ұйқтап жатқан кездегі көзінің қозғалысы мен энцефалограмма арқылы түсті болжауды үйренді. Адамдар өздерінің түстерін, ми қабығындағы белсенділік аймағы бойынша олардың түсінде көріп жатқан объектілерін есіне түсіре ала ма?

Science Express журналының мәлімдеуінше, жапондық

ғалымдар томография мен компьютерлік сараптама арқылы ұйқыдағы адамның түсінде бейнеленген көзге көрінген бейнелерді нақты анықтай алады екен.

Тәжірибенің бірінші қадамында тәжірибеге қатысушы үш адам энцефалограмма «жылдам» ұйқы (көздердің жылдам қозғалысы) кезеңіне жетуін көрсетпейінше ұйқыдан тұрмаған. Ұйқыдан ояңғаннан кейін тәжірибеге ерікті қатысушылар өздерінің түстерін көру барысындағы объектілер турасында айтып беруін сұраған.

Содан кейін ғалымдар функцияналдық магнитті-резонанстық томография көмегімен алынған мидың белсенді аймағының динамикасы мен адамдардың түстеріндегі бейне қабылдауды және оның таралуын салыстырды. Нәтижесін-

де ғалымдар түстердің көзге көрінген бейнелер қатарын томография мәліметтері арқылы түсіндіріп, талқылап беру жүзесін ойлап тапты. Бүгінгі күні аталмыш жүйе ұйқыда жатқан адамның дәл сол уақытта қандай түс көріп жатқандығын 70 пайызға анықтайды. Science Express журналының таратқан ақпараты бойынша жапондық ғалымдар томография мен компьютерлік сараптаманың көмегімен ұйқыдағы адамның көзіне көрінген бейнелерді нақты анықтауға қол жеткізді.

Жапондықтар бұл жетістіктеріне тойынып қалар емес, олар алдағы уақытта түстің басқа да сатыларындағы объектілерін анықтау жұмыстарын жалғастырмақ.

РИА «Новости» сайтынан алынып аударылған. Аударған Жанар ЕЛЕШОВА

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: М. Амантай,
Ә. Абетжанова, М. Сағидолла.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан,
А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күйігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана. Тапсырыс № 695